



Филология ғылымдарының докторы, профессор
Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының
75 жылдық мерейтойына арналған

**“ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСІНДЕГІ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ”** атты

халықаралық ғылыми-теориялық
конференциясының

ЖИНАҒЫ

Алматы, 2025

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Сарышова Күлдірсін Сейтжанқызы,
ф.ғ.к., қауымд. профессор
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы
Баялиева Гулмира Жарылқасынқызы,
ф.ғ.к., қауымд. профессор
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

Abstract. We note that the studies of semantic features of phraseology in linguistics are united in various new directions, which is the reason for the emergence of new studies. The mentioned studies determine that any word has a cognitive fund. In other words, the word is understood as a mixture of the human psyche, its complex thoughts, various processes, in a broad sense it informs about the knowledge and history of an entire people, is a key that opens secrets. That is, the world is known through words. It forms people's worldview. At this stage, phraseological units, formed as a special unit of language, occupy a special place. Phraseologisms are the expression of the spirit of a nation in its native language. The entire culture, history, and ethno-mental characteristics of the nation are preserved here. Also, one of the main functions of language is to designate the image of the world. In this regard, we set ourselves the task of analyzing their semantic paradigms in our article, taking into account that phraseological concepts, in turn, perform both hierarchical and definitional functions in representing the image of the world as a special characteristic, a picture.

Key words: phraseology, language, cognition, concept, paradigm, linguistics, language picture of the world, semantic paradigm.

Тіл – адамдардың іс-әрекетінен тыс дамымайды, адамның тілі арқылы тану, білу, оның өмірінен де толық ақпарат береді. Әлем бейнесін тіл арқылы бейнелеуде концепт ретінде танылған ұғыммен мағыналық байланыста тұратын фразеологизмдердің маңызы ерекше екенін айта кеткен жөн. Қазақ фразеологиясы – қазақ тіл білімінде өзіндік зерттеу нысаны бар, дербес ғылыми салаға айналған пән. Профессор Г.Н. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері» атты ғылыми зерттеуінде: «Халық рухы қашанда өз ұлтының тілінен көрініс табады. Ал этнотілдік ерекшеліктердің басты көрсеткіші – фразеологизмдер. Себебі мұнда бір ұлттың тұрмыс тіршілігі, тұтастай өмір сүру мәдениеті сипатталады. Фразеологизмдер сөйленім және жазба тілде бағалауыштық қызметімен ерекшеленіп, өзіндік бейнелі, эмоционалды-экспрессивті жағынан айтушы мен тыңдаушы

арасында хабар алмасу, ойды көркем түрде жеткізу ғана құралы емес, сан түрлі сезімдік жақтарына әсер ету мүмкіндігіне ие болатын ментальдық бірліктер ретінде танылады», – деген тұжырым жасалған [1, 195 б.].

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің ерекше қасиетіне назар аударған ғалым І.Кенесбаевтың «Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары» деген мақаласынан бастау алған ғылыми зерттеулерді қазақ фразеологиясының бастапқы теориялық негіздері деуімізге толықтай болады. Сонымен қатар ғалымның жетекшілігімен жарық көрген «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» – қазақ фразеологиясының теориялық және қолданбалы жақтарына өзіндік үлес қосқан ғылыми еңбек болып табылады [2, 356 б.].

Фразеологиялық қолданыстардан тек адамдардың күн көруі, мәдени өмір сүру салты ғана емес, тұтас бір халықтың ұлттық ерекшеліктерін көруге болатыны белгілі. Сондықтан да фразеологиялық концептілердегі мұндай айырықша сипаттарды нақтылап, ерекшеліктерін көрсету үшін зерттеушілер «әлемнің фразеологиялық суреті» немесе «фразеологиядағы әлем суреті» дейтін терминдік тіркестерді қолданып жүр. Осы жерде мынадай дерек келтіруге болады: «Әрбір ұлттық тіл әлемді өзінше бейнелейді, концептуалдайды, демек, әрбір тілдің өзіндік әлем бейнесі бар. Кез келген ұлттық тілге тән әлемнің фразеологиялық бейнесі – сол ұлттың фразеологиялық семантикада сақталған әлем туралы (объективті және субъективті) білімінің негізі болмақ» [3, 49 б.].

Концепт когнитивтік тіл білімінің басты термині ретінде қарала бастағаннан-ақ мағына мен ұғым, лингвомәдени бірлік терминдерімен ауыстыра қолдану жағдайы кездесе бастады. Зерттеушілер, ең алдымен, осы ұғымдардың ара-жігін ажыратып көрсеткенді жөн көреді. Концепт белгілі бір ұлт мәдениетіне тән болғандықтан, сол ұлт бейнесін көрсететін салт-дәстүрлер көрінісі, ұлтқа тән таным мен білім сияқты ерекшеліктеріне қарай жетілдіріп отырады. Фразеологиялық концептілер өз кезегінде әлем бейнесін, ұлт бейнесін көрсететін, ерекше сипатты, суретті етіп танытуда таптырмайтын бірлік. Қазақ фразеологизмдері «әмбебап концептілер» мен «ерекше» концептілерді құрайтын тілдік мәртебеге ие болған бірліктер деп танымыз. Тұрақты тіркестердің семантикалық нәтижесі – фразеологиялық мағына. Адамдар сөйлеу қажеттілігін өтеу кезінде фразеологизмдерді алдымен айтайын деген ұғымның мағынасына қарай таңдайды. Сондықтан мағыналас фразеологизмдердің басы фразеологиялық мағынаға бағыт беретін тірек сөз (доминант) – лексикалық мағынадан басталуы керек [4, 4 б.]. Фразеологиялық концептіні фразеологизмдер мағынасының түйіні мен өзегі жасайды. Мұнда «мәдени-менталдық-тілдік» (Ю.С.Степанов) бірліктердің рөлі ерекше. Жалпы кез келген фразеологиялық концептінің жұмсалыуында мәтіндердің орны бөлек. Концептілердің жетілуіне, толығуына ең басты – мәтіндегі тұрақты құрылымдар (прецедент) әсер етеді. Олар: фразеологизмдер, афоризмдер, мақалдар мен мәтелдер т.б. Фразеологизмдер әлемнің нақты айқын көрінісін суреттей алатын мағыналық немесе тақырыптық жақтарына бірігуі әбден мүмкін, сонымен қатар фразеологиялық бірліктерден бейнелік аймағынан адамның ішкі және сыртқы өзгешеліктерін, физикалық жағдайын, күйін және қимылын, сезімін, қызметін, тәртібін, кеңістікті, уақытты және т.б. сияқты әлемнің түрлі көріністерін көруге болады. Бұл жөнінде: «Күні бүгінге дейін сақталып жүрген «отқа май құю, от ана, Ұмай ана, жарылқа» тәрізді фразеологизмдер – ислам діні тармастан бұрын қалыптасқан шаманизм түсінігінен туған тіркестер. Мысалы, отқа май құяр (салар) – жаңа түскен келін мен күйеудің босағаны жаңа аттағанда берер ырым-сыбаға, жол-жоралғысы.

Жырынды жігіт еді қуқыл Оспан,

Жүйрік тіл, өткір сөздің алдын тосқан.

Өңгертіп отқа құяр берді Оспанға,

Сол болды күйеу қосшы оған қосқан. (С.Керімбеков)

Осы секілді тек қазақ ұлтына ғана тән этнофразеологизмдер де қазақ тілінде көптеп кездеседі», – дейді А.З.Қазанбаева өз еңбегінде [5, 12 б.].

Соңғы уақытта тіл білімі ғылымындағы зерттеулер мен ізденістер түрлі жана бағыттардың бірлесіп, соны, тың зерттеудің туындауына себеп болып жатқандығын байқап жүрміз. Мұндай зерттеулер тілдің ішкі мазмұнынан туындайды деп санаймыз, себебі адамзат тілі оның бүкіл өміріндегі өзі көріп, сезініп, біліп жүрген таным-түсінігінен қалыптасады. Сондықтан бүкіл бір ұлттың өмірі тілінде көрініс табады. Осындай ізденістер қатарында фразеологиялық атаулардың тіл парадигмаларында үлкен қатпар құратындығын байқауға болады.

«Этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тек тілінде ғана сақталады» (Ө.Қайдар) деген қағидаға сәйкес этнографизмдер қатарынан орын алатын күрделі атаулар – фразеологизмдерді танымдық, этнолингвистикалық тұрғыда талдау жасауда Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, Ө.Жәнібеков, С.Қасиманов т.б. еңбектерімен қатар, Б.Р.Мамедова, М.Асамутдинова, Г.М.Миронова, О.В.Жигалова т.б. зерттеулерін, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, С.Ахметжанов, Т.Байжанов, А.Сейілхан, Ә.Алмауытова, Қ.Қаирбаева, Б.Тілеубердиев т.б. еңбектерін назарға алуымызға болады. Әр халықтың тұрмыстық өмірі, ұлттық дәстүрі, мәдени ерекшелігі, ұлттық мінезі т.б. тілде көрініс табады. Қазақ тілі мұндай тілдік бірліктерге өте бай. Себебі, тарихы терең қазақ таным бейнелі сөздерді көбірек қолданыста қалыптастырған. Сондай тілдік деректердің бір шоғыры адамзат тұрмысында ұғымдық сипатқа ие, коммуникациялық қажеттілікті өтейтін күрделі атаулар да бар. Мақаламызда, әсіресе, шет жер, шет ел атаулары негізінде жасалған фразеологиялық парадигмалар бар. Концептуалды фразеологизмдердің мағыналық парадигмасына енетін фразеологиялық концептілердің мынадай түрлерін атап көрсетуімізге болады: «Мысыр шаһары» – жақсы, жанына жақын туған жер; «Иран бағы» – әдемі бақ, жер, «Үнді сиыры» – қасиетті (карама-қарсы мысқылдау мәні де бар), «Тәшкен көрген» – пысық, т.б.

Қазақ фразеологиясындағы когнитивтік мәдениеттанымдық парадигмалар тек қана біздің халықтың ұғым-түсінігімен ғана өлшенбейді. Сонымен қатар өзге тілде қалыптасқан фразеологиялық бірлік те біздің тілімізге сол тілдік парадигмада тілдік бірлік күйінде енеді. Негізінен, мұндай тілдік бірліктерді әлем халықтары біледі, қолданады. Кейбіреулері тек өз тілімізде қалыптасқан. Демек, осыған қарап, мұндай тіркестерді екі топқа бөліп қарауымызға болады: 1) белгілі бір халық тілінде қалыптасып, бүкіл әлем халқы қолданатын тілдік бірліктер, 2) сол тілде пайда болып, тек сол халық қана қолданатын фразеологиялық тіркестер. Демек, біріншісінің қолданылу өрісі өте кең де, екіншісінің қолданылу аясы тар. Бірінші түрі туралы әлем халықтары біледі, сол халықтың мәдениетімен таныс, сонымен қатар қалыптасқан тұрақты тіркесті қолданады. Қазақ халқы да әлем халқының бір бөлшегі ретінде осы тілдік бірлікті қолданады. Оған тілімізден алынған мысалдар дәлел бола алады. Мәселен, әлем халықтарының ұғымындағы «Иран бағы» деген атау – кеңістік мәдениеттанымдық парадигмасынан хабар береді. «Тілімізде Иран бақ сөз тіркесін Иранға телу қалыптасып қалған, бірақ ол тіркестің Иран сөзіне еш қатынасы жоқ» деген де пікір бар. Сондай-ақ, «Иран бағы ауыз әдебиетінде кездесетін рақымы жоқ, мейірімсіз әмірші Шәддадтың бейіш бағына ұқсата салдырып, өзі қызығын көре алмай кеткен таңғажайып бақтың аты. Бұл атау қасиетті Құранның 89-сүресінде де кездеседі [6]. 2015 жылы «Ақ жол» газетінде жарияланған Е.Досалының «Иран бағы Байзақта жайқалады» деген мақаласының тақырыбы тура мағынада қолданылып тұр. Әдетте, бұл мақаланы оқымас бұрын, тақырыбына қарап, өз ұғымымыздағы иран бағы деп түсінеміз. Шындығында, мақаланы оқығанда, тақырып тура мағынада қолданылып тұрғанын көреміз. «Аймақтағы интенсивті алма бақтарының жұмысымен танысу, алма өсіруге қолайлы алқаптардың жағдайын көзбен көру, екіжақты ортақ мәміле жасау мақсатында Иран елінен келген «Джахате Естехлял Групп» компаниясының өкілдерін облыс

әкімінің орынбасары Абдалы Нұралиев қабылдады» деген мақаланың алғашқы жолдарынан ирандықтардың келіп, қазақ жеріне бақ өсіруді қолға алатынын көруімізге болады. Шын мәнінде, мәтіннен қазіргі тіліміздегі қолданысын анық байқауымызға болады. Шын мәнінде, ирандықтар бақ өсірмейді, қазақтардың кең жазира даласына еккен бағын тамшылатып суғару әдісімен суаруды ұсынады екен. Осылайша, бұл мақалада иран бағы Байзақ жерінде жайқалатыны туралы айтылып тұр. Демек, алғашқыда тура мәнге ие болған «Иран бағы» тіркесін бүгінгі күнде де тура мәнде қолданылғанын көре аламыз. Бұған қоса, ауыспалы, туынды мәнде жұмсалған жағдайы да бар. Оған мына мысалдағы сөздердің мәнін айтуымызға болады.

Үмітім-гүлім, гүл-гүлім,

Иран бақтағы бұлбұлым.

Он сегіз жылға татиды-ай,

Өзіңмен өткен бір күнім. Мұхарбек Жәкейдің сөзіне жазылған Оразәлі Баймұраттың

«Үмітім – гүлім» атты әнінің екінші тармағында қызын әлемдегі ең әдемі, ең керемет бұлбұлға теңегені қазақтың танымынан хабар береді.

Дәулетбек Байтұрсынның «Бас көтеру» атты өлеңінде:

Бас көтеру... ол өзімді құтқарғаным сұмдықтан,

Аял таппай шарқ ұрамын Азиядай құрлықтан.

Жүрегімнің иран бағы, салтанатты сарайы,

Қала-сынды қақалуда қапияда құм жұтқан, – деген жолдары бар. Мұхарбек аруын иран бақтағы бұлбұлға теңесе, Дәулетбек ақын жүрегіндегі сезімді иран баққа, салтанатты сарайға теңейді. Көркем әдебиетте мұндай тіркестер көптеп қолданылады. Тек көркем әдебиетте ғана емес, қазіргі таңдағы көптің қолданысында жүрген әлеуметтік желіде де бұл тіркестің қолданысын көзіміз шалған-ды. Теңлесбай Гүлсезімнің парақшасында «Ата-ана әр қызын бір тал гүлге теңеп, аңдаусызда нәзігінің үзілмеуін, себепсізден солмауын, жайқалған иран баққа айналуын айырықша қалайды!» [7] деген жазба қалдырған. Бұл жерде де «иран бақ» қолданысы жағымды мәнде жұмсалған деуге болады. Олай болса, «Иран бақ» тіркесі қазақ ұғымында өте керемет, әлемде теңдесі жоқ, бұлбұлдар сайрап жүретін, жап-жасыл, адам жаны жай табатын жер дегенді білдіреді.

Адамның тағы бір жаны жай табатын жері – туған жері. Халқымызда «Әркімнің туған жері – мысыр шаһары» деген сөз бар. Бір кездері әлем халқы оқуға, білім алуға Мысырға барған ғой. Мысыр – алғашқы өркениет мекендерінің бірі саналған. «Мысыр шаһары» деген фразеологизм, шындығында, мысыр шаһары туралы айтылып тұрған жоқ. Бір кездегі өркениет ошағы саналған Мысырмен салыстырыла айтылған атау. Әл-Фараби бабамыз білім алған, Сұлтан Бейбарыс бабамыз билеген жер туралы біздің халық ұғымында ерекше сақталып қалған мәлімет. Осы себептен де әркімнің туған жері өзіне мысыр шаһарындай деген тілдік оралым қалыптасқан [8]. Тағы бір фразеологизмдердің мағыналық парадигмасындағы «Тәшкен көрген» деген атау – халық арасында бір пысық оңтүстіктің адамын көрсе, «Тәшкен көрген ғой» деп айтып жатады. Шындығында, ол Тәшкенге бармаған, көрмеген болуы мүмкін, дегенмен де, «Тәшкен көрген» деп айтады. Бұл фразеологизмнің мағынасы – өзбектер секілді пысық дегенді білдіреді. Бақтияр Тайжанның «Егемен Қазақстанда» жариялаған «Африка жайыны, мархабат!» деген тақырыптағы мақаласында «Оңтүстік туралы сөз болғанда осындағы адамдардың тіршілік жағдайына бейімділігі сөз болады. Тіпті, оңтүстіктің кез келген тығырықтан жол тауып кететін жігіттеріне қаратып, «Тәшкен көрген ғой» деп сүйсініп жатады» [9]. «Әйтсе де, Асқар Мырзахметов те «Тәшкен көрген бала» ғой. Әдетте, «Тәшкен көрген бала» деп тірлігі мен тілі пысық адамдарға баға беріледі. Ауыл шаруашылығы министрі, Өзбекстанда елші, әлеуметтік корпорация басшысы қызметтерін атқарған, талай өткелектен өткен Мырзахметовтің облысты басқарудағы әзіргі талпынысы көңіл көншітерлік.

Әйтеуір бүтінгі қолға алып жатқан бастамалары, қабылдап жатқан шешімдерінің қаншалықты нәтиже беретініне уақыт төреші. Лайым командасын жинап, іс тетігін шешеді деген кадрлары әкім көздеген мақсаттан көпшіліктің көңілінен шығуына шын жүректен тілектеспіз» [10].

Жалпы «Тәшкен көрген» деген фразеологизмнің мынадай мағыналары бар екенін қолданыстарынан байқауға болады: *пысық, құлау – иенің, көзінен өткендей, қыздың жиган жүзіндей; биттің ішіне қан құйған, құлығына құрық бойламау; еңбекқор, епті – жарғақ құлағы жастыққа тимеу, темірден түйін тую; қисынын келтіру, тігісін жатқызу; тез – қас пен көздің арасында, әні-міне дегенше.*

Академик І. Кеңесбаевтың айтуынша, фразеологиялық тіркестердің сөйлеу процесіндегі басты қызметінің бірі – жеке сөздер я сөз орамдары бере алмайтын көркемдік, образдық, экспрессивтік мағына арқылы ойды тыңдаушыға жеткізу болса керек. Сондықтан да мұны жақсылап ұғындыру қажет. Сөйткен күнде, олар аз сөзбен көп мағына беріп, ойды өткірлеп, образды етіп айтуға, ауыз әдебиеті мен көркем әдебиетті жақсы түсінуге төселеді, – дейді [2, 351 б.]. Бұл пікірге толық қосыламыз.

Әрбір халықтың ұлттық ерекшелігі, оның қастерлі де қасиетті байлығы, ғасырлар бойы сол халықтың тарихымен бірге өсіп, біте қайнасып келе жатқан рухани дүниесінің айнасы – тіл. Тілімізде фразеологизмдердің түрі өте көп. Тұрақты тіркестерді жете меңгеріп, тәжірибеде қолдана білудің маңызы зор. Олай болса, көркем туындыдағы фразеологизмдерді басқа да тілдік бірліктермен, көркемдеу тәсілдерімен салыстыра талдатып оқыту оқырманның тіл байлығын арттыруға, ойын өрістетуге, көркемдік талғамын ұштауға жәрдемін тигізеді деп ойлаймыз. Мұны терең түсініп, жақсы меңгерсек, сөз байлығымыз молайып, сөйлеу шеберлігіміз де жетіле түсері анық.

1. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 195 б.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.
3. Бесимбаев Б. Әлемнің фразеологиялық бейнесінің концептуалды және лингвомәдени ұстанымдары. // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, №4 (70), 2019. – 49 б.
4. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: Елтаным, 2010. – 125 б.
5. Қазанбаева А. Этнофразеологизмдердің тілдік сипаты. // Қарағанды университетінің Хабаршысы, № 2 (66) / 2012. – 12 б.
6. Рүстемов Л. EL.KZ ақпараттық-танымдық порталы.
7. Гүлсезім Т. Инстаграм әлеуметтік желісі // tenlesbaikyzy_gulsezim парақшасы, 2020.
8. Болатқызы А. Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары. // Aduyna.kz ұлттық порталы. 2019. 2017. 2010.
9. Тайжан Б. "Африка жайыны, мархабат!", «Егемен Қазақстан» ақпараттық порталы
10. Тайжан Б. "Тәшкен көрген баланың тірлігі қандай?", "Ойнеттің" мұрағатынан.